



• БӘРЕКЕЛДІ!

Жігерді жаныған жеңіс

Футболдан ұлттық құрама 6-турда Солтүстік Ирландия құрамасын 1:0 есебімен жеңді. Бұл – 2024 жылы өтетін Еуропа чемпионатына іріктеу матчы. Қазір Қазақстан Н тобында 12 ұпаймен төртінші сатыда тұр. Ойынды Қасым-Жомарт Тоқаев пен аты аңызға айналған кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин трибунадан тамашалады.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Гол ойынның 27-минутында соғылды. Авторы – 10-нөмірдегі Максим Самородов. Голдың добы айып алаңының сыртынан тебіліп, қақпаның алыс бұрышына тоғытылды. Содан кейін қарсылас кеткен есені қайтару үшін шабуылға көшті. Бірақ, құрамамыз қорғаныста сауатты ойнады. Қақпашы Игорь Шатский шеберлік көрсетті. Сенсацоналық сейфтер жасады. Солтүстік Ирландияның мергендері қақпадан саңылау таба алмады. Қақпашының шеберлігін Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше атап өтті. Айта кетейік, Президент ұлттық құраманы құттықтаған еді. Максим Самородовтың да қолын алып, «Голың әдемі соғылды, маған ұнады» деді Мемлекет басшысы.

– Келешекте сіздерден бұдан да үлкен жеңістер күтемін. Мына матч өзіме ұнады. Бәріңіз шебер ойнадыңыздар, – деді Президент. Бұл – Қазақстан мен Солтүстік Ирландияның екінші ойыны. Алдыңғысында Абат Айымбетов 88-минутта жеңіс голын соққан.

Құраманың бұл – іріктеу кезеңіндегі алтыншы ойыны. Қоржында 4 жеңіс бар. Финляндия мен Словенияға есе жібердік. Енді 14 қыркүйекте Данияға қонаққа барады.

– Алдыңғы екі ойында есе жібердік. Жеңіліс – үлкен сабақ.

Финляндиядан ұтылған соң намысқа тырыстық, ширадық. Солтүстік Ирландияны өз алаңында жеңіп, еңсеміз тіктелді, ұпайымыз түгенделді. Ол жеңісіміз тарихта қалары сөзсіз. Өз алаңымызда да жақсы ойын көрсеттік. Бірақ, масаттануға болмайды. Дайындықты одан әрі күшейтеміз, – деді ұлттық құраманың бас бапкері Магомед Адиев.

Солтүстік Ирландия құрамасының ойыншысы Даниэль Баллард өткен матч туралы өз пікірін айтты. – Бұл өте жақсы атмосферада өткен қиын ойын болды. Менің ойымша, біз ойынның барысын өте жақсы бақыладық. Олар өз мүмкіндіктерін пайдалана білді. Біз қарсыластың қорғанысын аша алмадық. Менің ойымша, біз әр ойын сайын күшейеміз. Кейбір жас ойыншылардың жарқырай бастағанын көруге болады. Таланттардың қырын ашу үшін жұмыс атқару қажет. Оң жақтарын табуымыз керек. Болашақ үшін бірден жасаймыз деп үміттенеміз және еңбектенеміз, – деді Даниэль Баллард.

Жалпы, Ұлттық құраманың ойыны көз қуантады. Бұдан бөлек, Астана-Аренадағы көрермендердің ерекше қолдауы өн бойымызды шымырлатты. Қазақ футболының алтын ғасыры алда екенін жүрегіміз сезеді!

«Базарың құтты болсын, ардақты елім!»

Биыл – даңқын Біржан сал әнімен шарықтатқан атақты Қоянды жәрмеңкесінің 175 жылдығы. Ел тарихында ойып орнын алған жәрмеңкенің мерейтойын Қарқаралының ардақты жұрты дүркіретіп өткізді. Игі жақсылар қасиетті мекенде бас қосты. Домбырамен ән шырқалып, қазақтың кара өлеңі оқылды. Түпкір-түпкірден тарихшы ғалымдар, өлкетанушылар келіп, конференция өткізді. Бір сөзбен айтқанда, Қарқаралы басында рух сілкінді.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Тойдың шымылдығы тарихшылардың конференциясымен ашылды. Оны аудан әкімдігі мен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ұйымдастырды. Білім ордасының ректоры Нұрлан Дулатбеков сөз алып, жәрмеңкедегі тарихи тұлғаларды тілге тиек етті және сол кездегі саяси, құқықтық мәселелерге тоқталды. Мақсаты – жәрмеңкенің қазақ қоғамындағы саяси, экономикалық рөлін айқындау. Зерттеушілер қауымы Қоянды жәрмеңкесінің ұлт тарихындағы орны хақында баяндамаларын жасады. Конференцияда аудан әкімі Ерлан Құсайын қонақтарға жылы лебізін білдірді.

– Топырағы құнарлы, тамыры тереңге кеткен, Алаштың алтын бесігі, сұлу өлкесі – қасиетті Қарқаралыға қош келдіңіздер. Той құтты болсын! – деді аудан басшысы. Белгілі тарихшы Нұрсахан Бейсенбеков да өз пікірін білдірді.

– Жәрмеңкенің қазақ тарихындағы орны ерекше. Ресей империясы саудасы арқылы өзінің отарлық саясатын жүргізді. Ол кезде байтақ далаға ағылшындар мен қытайлар да көз тігіп отырған. Жәрмеңке арқылы қазақ даласы Азиядағы сауда орталықтарының біріне айналды.

Сауда қарқынды дамыды. Қоянды жәрмеңкесінен тағылым алу керек. Өнім өндіру – болар елдің жасайтын тірлігі. Алаш зиялылары жәрмеңкеге батыстың зерттеушілерін әкелді. Солар арқылы халық әндері қағазға түсіп, жаһанға тарайды. «Қарқаралы петициясы» – бір бөлек әңгіме. Оған қол қойған тұлғалардың аты-жөні әлі күнге дейін белгісіз. Мұны жас ғалымдар зерттеуі керек. Қарқаралы – азаттық қозғалысының бесігі. Осы тұрасында көлемді ғылыми-зерттеулер жасалуы тиіс, – деді Нұрсахан Ахметқызы.

Белгілі тарихшы, алаштанушы, республикалық «Қыр баласы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Елдос Тоқтарбай тойдың құрметті қонағы болды. – Конференцияда – елге бағыт-



бағдар беретін салмақты ойлар айтты. Мұның ауқымы халықаралық деңгейде өтуі тиіс. Бұл – қазақ даласындағы жай ғана жәрмеңке емес, азаттық идеясының алтын қазығы, – деді Елдос Тоқтарбай.

Ер түріктің бесігі саналатын Түркістан қаласынан да меймандар келді. Шаһар әкімінің орынбасары Ерлан Бақытжанұлы тойдың деңгейін жоғары деп бағалады.

– Қарқаралының тарихымыздағы орны ерекше. Осындағы әріптестерімізбен тәжірибе алмасу үшін арнайы келдік. Әсіресе, осы той арқылы туризм жандануы керек, – деді Ерлан Бақытжанұлы.

Той қарсаңында белгілі суретші Қаріпбек Күйіковке «Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Конференциядан кейін Сәкен театрының ұжымы театрландырылған қойылым қойды.

Шаһардың орталығында суретшілердің, колонер шеберлерінің көрмесі өтті. Ерсін Темірғалиев, Елена Нивиденская, Наталья Сайгушова, Жаңабек Жұмабеков

есімді суретшілер өз туындыларын халық назарына ұсынды. Айта кетейік, Қоянды жәрмеңкесінің 175 жылдығына арналған логотиптің авторы Еуразиялық Дизайнерлер одағының мүшесі – Ерсін Темірғалиев.

Ұлттық нақышта киінген жұрт дастархан жайып, елге дәм татқызды. Қонақтар құрақ көрпеге малдас құрып, қазы-қарта асып, қымыз ішті. Жаңағандықтар өздерінің сабындрарын арзан бағамен саудалады. Қолына қыранын қондырған, жүйрік тазысын жетектеген саятшылар тойдың сәні болды. Тойдың базары кешке дейін тарқамалы. Алтыбақанда тербелген жігіт пен қыздың күлкісі – той қызығы.

Көрмеден бөлек, ашық аспан астында әдеби-сазды кеш өтті. Ақын, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқаш және танымал ақындар Жәлел Қуандықұлы, Сұлтан Дәулетхан, Айбек Байтөре, Салтанат Қайырбек және осы жолдардың авторы қасиетті



ҚОЯНДЫ ЖӘРМӨҢКЕСІ 175 ЖЫЛ

Қарқаралы туралы өлеңдерін оқыды. Таулармен қоршалған сұлу Қарқаралының аспанына поэзия қанат қатты. Медет Осатаев, Арайлым Жүкенова, Қуандық Төкен, Нұрлытаң Саятқызы шырқаған әндер арқаны шымырлатып, рухты көтерді. Күйші Мадияр Сүлейменов домбырамен, Әмір Амангелді қобызбен күй тартып, жүректі тербеді.

Алыс-жақыннан қасиетті Қарқаралының ардақты еліне «Базарың құтты болсын!» айта келген меймандар дүркіреген тойдың куәсі болды. Қарқаралының жұрты жұдырықтай жұмылып, тарихи маңызы зор жәрмеңкенің мерейтойын атқарды. ХХ ғасырдағы қоңыр тірілік кешкен қазақ ауылына тап болғандай күй кештік. Қымыз да, ет те, бауырсақ та ағыл-тегіл. Дәм татам дегендер бір тын да жұмсамады. Ғажап көрініске қарап, көңіл марқаяды һәм масаяды. Жүрегің атқақтап, кеуденді бұзып өтердей. «Базарың құтты болсын, ардақты елім, Қоянды ту көтерген думан жерім!».

Баспана бақыты: бағыт пен бағдар

Тұрғын үй. Президент баспана мәселесі нарықтағы ахуалға байланысты екенін айта келе, тұрғын үй саясатын мұқият қарау кергін айтты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Президент пәрмені – құрылыс кодексі

– Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Маған азаматтардан күн сайын жүздеген өтініш келеді. Оның ішінде, қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді сұраған хаттар өте көп. Бұл түйткіл мемлекет тарапынан мүмкіндігінше шешіліп жатыр. Тағы да қайталап айтамын, мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді. Тұрғын үй саясаты нарықтағы ахуалға тығыз байланысты. Сондықтан біз осы саладағы саясатымызды қайта қарап, оның мейлінше әділ әрі икемді болуын қамтамасыз етуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Елорданы дамыту кеңесінде Мемлекет басшысы үлескерлер қаражатын заңсыз иемденіп, заңды айналып кетуге әрекет етіп жүрген құрылыс компанияларына да жеке тоқталды. Бұл ретте Үкімет мемлекеттік реттеу шараларын қатаңдатуы керек.

Президент пәрменін іске асыруға кіріскен әкімдіктер нақты объектілерді және оларды іске асыру мерзімдерін көрсете отырып, Жол карталарын бекітті. «Биыл 15,3 млн. шаршы метр тұрғын үй немесе 143,5 мың тұрғын үй салу көзделді», – деп хабарлады Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкілдері. Өткен жеті айдың өзінде 8,5 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл жоспардан 14%-ға жоғары.

Бұдан бөлек, биыл өңірлерде 1 500 апартамент және тозығы жеткен үйді бұзу бойынша жергілікті жөндеу бағдарламалары қабылданды. Құрылыс кодексі әзірленеді, ол саланың көптеген жүйелік мәселелерін шешуге және оның ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Қарағандының карамағында

Бұл орайда Қарағанды облысында тұрғын үй құрылысының өсуі жалғасуда.



Коллаж жасаған Е. КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

Өткен сегіз айдың ішінде ғана шамамен 300 мың шаршы метр қолданысқа еніп, жыл соңына дейін әлеуметтік қорғалатын санаттағы 950-ге жуық отбасы қоныстойын тойламақ. Оның арасында көпбалалы мәртебесі бар 199 отбасы бар.

– Облысымыз бойынша «Қуатты өңір-

лер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде барлық қаржыландыру көздері есебінен 282,712 мың шаршы метр немесе өткен жылдың деңгейіне 100,4% пайдалануға берілді. Облыс бойынша тұрғын үй құрылысына инвестициялар 36,4 млрд. теңгені құрады, – деді



құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұрат Мағзин. Биыл төрт жалдамалы үй сәтті аяқталып, пайдалануға берілді. Олардың ішінде Шахтинск қаласындағы 60 пәтерлі үй, Абай қаласындағы 80 пәтерлі үй және Шет ауданы Ақадыр кентіндегі 12 пәтерлі екі үй бар. Құрылыс барлық өңірлерде қарқынды. Басқарма басшысының айтуынша, жыл соңына дейін 400 мың шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілімек. Кезекте тұрған 346 адам үшін республикалық бюджеттен дайын жалға берілетін тұрғын үйді сатып алуға қаражат бөлінді. «Отбасы банк» салымшылары үшін кредиттік тұрғын үй құрылысы бойынша сегіз жоба іске асырылуда. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы жүріп жатыр.

► 2-бет



Жолдау жолданды, Қарағанды қамданды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

– Өңдеу өнеркәсібі салаларын дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, жоспарланған инвестициялық жобалар мен жана өндірістердің уақытылы іске қосылуын қамтамасыз ету қажет.

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру Қарағанды облысының әкімдігінде кеңінен егжей-тегжейлі талқыланды. Барлық бағыттар бойынша басқарма басшылары есеп берді. Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бірқатар нақты тапсырма жүктелді.

Erkanat KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Облыс – өңдеу өнеркәсібінде көшбасшы. Бұл секторда өңірде 845 кәсіпорын жұмыс істейді. Өндіріс көлемі тұрақты өсуде. Мәселен, биыл 3 трлн. теңгеге өнім өңдеу көзделді. 11 жаңа өндіріс іске қосылады. Ал, 2030 жылға дейін өңдеу өнеркәсібінде 33 инвестициялық жоба жоспарланған, оның жартысына жуығы – тау-кен өнеркәсібінде.

Агроөнеркәсіп кешенінде өнімді қайта өңдеу үлесін арттыру міндеті тұр. Биыл 12 инвестициялық жоба іске асырылып, қымзы өндіретін жаңа кәсіпорын, үш асыл тұқымды репродуктор ашылады. Ауыл халқының табысын арттыру үшін «Ауыл Аманаты» бағдарламасын іске асыру басталды. Оның шеңберінде 640-қа жуық микрокредит беріледі. Аграрлық ғылымды дамыту курсы қабылданды, онда серіктестер Бараев атындағы ғылыми-өндірістік орталық – тұқым шаруашылығы саласында және А.Христенко атындағы Қарағанды ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы – тозған жерлерді қалпына келтіруде.

IT саласын дамытуға келетін болсақ, аймақта «Террикон алқабы» хабы жұмыс істейді. Оның негізінде бағдарламалау мектебі жұмысын сәтті үйлестіруде. Облыста кадрлар дайындау бастап, IT-кызметтерді экспорттауға дейінгі IT-кластер құрылғаны атап



өтілді. Президент инновациялық жобаларды іске қосудың негізгі көзі венчурлік қаржыландыру болуы тиіс екенін қадап айтты. Капиталы шамамен 10 млн. долларды құрайтын «Terricon venture» қорын құру жоспарлануда.

Жыныда минералдық-шикізат базасының дамуы туралы айтылды. Облыста көмір, мыс, алтын, темір және марганец кендерінің және басқа да пайдалы қазбалардың теңгерімдік қорлары бар. Ірі компаниялар мыс-порфир, хром, түсті және асыл металдарды іздеу және барлау жұмыстарын жүргізеді. Бұл өңдеу өнеркәсібінде жаңа өндірістер құруға инвестициялар тарту перспективасын ашады.

Туристік саланы дамыту маңызды бағытқа айналууда. Осы салада облыста 13 инвестициялық жоба бар. Қолдау «Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады. Бұдан басқа, туризм бойынша мөлшерлемесі 3%-ға дейін жеңілдіктің жаңа өңірлік кредиттеу бағдарламасы іске қосылады. Бұл туризм инфрақұрылымын дамытушы кәсіпкерлерге демеу болмақ. Мәселен, спорт және сәулік индустриясы саласындағы үш жобаны іске асыруға жеңілдікті несиелер берілді.

Ермағанбет Бөлекпаев Мемлекет басшысының Жолдауын іске асырудың жүйелі жоспарын әзірлеуді тапсырды.

Минералдық-шикізат базасын кеңейту үшін өңірге, оның ішінде геологиялық салаға инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру маңызды. Жүйе құраушы компанияларды сатып алу әрі отандық тауар өндірушілерді қолдау шараларын күшейту керек, – деп атап өтті өңір басшысы.

Сондай-ақ, энергетикалық және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, су ресурстарының тапшылығын жою, кәсіпкерлікті дамыту, жұмыспен қамту мәселелері, бюджеттік қатынастардың жаңа моделіне көшу және Жолдауда айтылған басқа да бағыттар бойынша бірқатар міндеттер белгіленді.

• БРИФИНГ

Орақ ойдағдай

Биыл егілген дәнді дақылдар алқабы 993,2 мың гектарды құрайды. Бұл өткен жылғы деңгейден 73,3 мың гектарға артық (2022 жылы 919,9). Оның ішінде, бидай – 813 мың гектарға, арпа – 160 мың гектарға, сұлы – 13 мың гектар және жарма арпа – 6,4 мың гектарды құрайды. Ал, майлы дақылдар жалпы – 29,6 мың гектарға жетті. Ондағы 11 636 гектарға жуығы картоп болса, 1 321 гектары – көкөністер. Бұл туралы орақ маусымына дайындыққа қатысты өткен брифингте ауыл шаруашылығы басқарма басшысының орынбасары Сырым Бошпанов баяндады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы қуаңшылық аймақты айналдырды. Соған байланысты орақ науқанына да күдік әлі сейілген жоқ еді. Десек те, ауыл шаруашылығы басқарма басшысының орынбасары Сырым Бейсебайұлының мәліметінше, егін ойдағдай және алаңдайтын негіз жоқ.

– Көкөністерден биыл картоп 1 909 гектар алқаптан жиналды. Бұл былтырға қарағанда әлдеқайда артық. Жалпы, 37,0 мың тонна картоп жиналды. Сондай-ақ, 248 гектар алқаптан 7,2 мың тонна көкөніс жиналды. Егін жинау науқанына 2 095 астық жинау және 76 бірлік картоп жинау комбайндары, сондай-ақ, 90 бірлік картоп қазғыш техника жұмылдырылды. Алдын ала болжам бойынша, барлық комбайндардың тәуліктік өнімділігі 43 мың гектар болғанда, егін жинау 24 күнтізбелік күнде іске асады, – деп атап өтті

Сырым Бейсебайұлы. Қолайлы ауа райы жағдайында егін және майлы дақылдарды жинауды қоса алғанда егін науқанын 30 қыркүйекке дейін аяқтау жоспарланған көрінеді. Егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін 21,2 мың тонна жанармай литрі 250 теңгеден сатып алынды. Бұл кәсіпкерлерге едәуір пайдасын тигізді.

Сырым Бошпановтың сөзіне сүйенсек, болашақта ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарының жыл сайынғы ұлғаюымен қатар минералды тыңайтқышты енгізу алқаптары және жоғары өнімді тұқымдар егілген алқаптардың аумағы едәуір көбеймек.

Осы жылы минералды тыңайтқыштарды қолдану алаңы 405 мың гектарға дейін ұлғайды. Оның жалпы ауданының үлес салмағы – 42 пайыз. Бүгінгі таңда минералды тыңайтқыштар алу үшін 33,2 мың тоннаға жаңа шарттар жасалған.



• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Елуден асып барамын, жұмысты қайдан табамын?

Әр түрлі жағдайға байланысты жұмыссыз қалғандар бар. Қоғамда «50-ден асқан адамға қол қусырып отыруға тура келеді, еңбекке жарамсыз» деген керсегар ой басым. Дегенмен, мемлекет зейнеткерлік жасқа дейінгілерге «Күміс жас» бағдарламасын ұсынған болатын. Жақында арнайы платформа енгізілді, сол арқылы жоғарыда айтылған пікірді жоққа шығаруға болады.

Айтып отырғанымыз, Skills Enbek (https://skills.enbek.kz/) платформасы. Сіз осы жоба арқылы «Күміс жас» жобасы аясында тегін білім алып, одан әрі жұмысқа орналасу үшін жаңа дағдыларды игере аласыз. Бұл платформада «Күміс жас» атты қосымша бет бар, онда барлық қолжетімді курстардың тізімі орналастырылған. Қазіргі уақытта маркетинг, туризм, ақпараттық технологиялар, ауыл шаруашылығы, қаржы, білім беру және әлеуметтік қызмет көрсету бағыттары бойынша 100-ден астам курс ұсынылды.

«Азаматтар оқу тілін және материалды ұсынудың ыңғайлы принципін таңдай алады, сонымен қатар оқу барысын бақылау мүмкіндігі бар. Пайдаланушылар үшін дағдылар-

ды игергені туралы сертификат беру көзделген. Электрондық еңбек биржасындағы (enbek.kz) түйіндемеле барлық игерген дағдылары туралы ақпараттар автоматты түрде көрсетіледі. Жұмыс беруші жұмыс іздеушінің түйіндемесінен сертификаттар мен алған дағдыларын көреді», – деп хабарлайды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Сонымен қатар, жақында «Күміс университеті» жобасы аясында жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық арқылы ұсынылатын курстар желісін кеңейту жоспарлануда.

«50-ден асып барамын, жұмысты қайдан табамын?» дегендер үшін бұл платформа еңбек майданына араласуға сеп болмақ.

Әдебиет БЕЛПБАЙҰЛЫ

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Бала тәрбиесі – басты міндет

Отбасы күніне орай Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен жоғары сынып оқушылары арасында «Отбасының жемісі – тәрбиелі ұлы мен қызы» атты конференция өтті.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараның басты мақсаты – отбасылық құндылықтарды сақтап қалу, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы кедергілерді жою, яғни, гаджеттер мен телефонға тәуелділігін бәсеңдету.

Конференцияға Приозерск қаласы орталық мешітінің бас имамы Дәуіт Қожахметов, Приозерск қаласы полиция бөлімі бастығы Ерлан Садыбеков және полиция бөлімі бастығының орынбасары Алмас Дүйсекенов, «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезең жеңімпаздары Омаровтар отбасынан Жарас Қармысқызы және Қоныспаевтар отбасынан Шарапат Талапбайұлы қатысып, балаларға отбасы құндылықтары, өзара сыйластығы жөнінде ақыл-кеңестерімен бөлісті.

Приозерск қаласының бас имамы Дәуіт Қожахметов үйге жұмыстың бар ауыртыпшылығын аркалап бармау үшін аптасына бір рет әр мекемеде отбасы саға-

Омаровтар отбасының мүшесі Жарас Қармысқызы бүгінгі баланың гаджетке тәуелділігінің басты себептеріне тоқталды. Оның айтуынша, мұның астарында



тын өткізу туралы ұсынысын айтты. Сондай-ақ, Приозерск қаласы полиция бөлімі бастығы Ерлан Садыбеков ата-аналардың және де өзге ересектердің балаларға зорлық-зомбылық және қатігездік көрсету, оларды ауызша агрессияға тартуы, көмелетке толмағандарға жыныстық, эмоционалды және физиологиялық зорлық-зомбылық көрсету проблемалары жайлы баяндама жасады.

отбасындағы жылулықтың тапшылығы, педагогикалық назардан тыс қалу, баланың бос уақытын ұйымдастырмау, еңбекке араласуды ынталандырмау сынды мәселелер жатыр. Бұдан бөлек, конференция барысында баланың эмоционалды тұрақсыздығы, жеткіншектердің суицидке бару себептері секілді мәселелер де қызу талқыға түсті. ПРИОЗЕРСК

Баспана бақыты: бағыт пен бағдар

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Лашық қалашық» атанып кетпейміз бе?

Алайда, бұл келтірілген «керемет» дәйектерге қала тұрғындарының өзіндік пікірі бар. Олардың ойынша, мұндай қарқын қаланың эстетикалық қалыбына кері әсер етуде. Қарағандының бірнеше шағын аудандарының тұрғындары тұрғын үйлердің аулаларындағы құрылысқа наразы. Мысалы, Көгілдір тоғандар шағынауданының №6,7,9 үйлерінің тұрғындары жаңа құрылыс нысанына қарсы. Айтуынша, жаңа алты қабатты үй №9 үйден 17 метр қашықтықта салынып жатыр, бұл құрылыс нормалары мен ережелерін бұзады.

– Бастапқыда мұнда ойын алаңы болды. 2013 жылы бұл маң автотұраққа айналды. 2020 жылы бұл жер сатылып, осы үйдің құрылысы басталды. Үйіміздің терезесінен 14-17 метр аралық. Жаз бойы тереземізді жауып қоюға мәжбүрміз. Өйткені шаң мен шу дегбірімізді алады. Бұл дегеніміз құрылыс біздің пәтерге де енді деген сөз! – деді №9 үйдің тұрғыны Любовь Азоркевич.

Жосықсыз құрылыс «Бесобаның» кебін жамылуы мүмкін. Өйткені бұл аумақтың топырағы саздауыт әрі биік ғимараттар салуға жарамсыз. Тұрғындар құрылысқа қарсы петиция ұйымдастырып, аудандық және қалалық әкімдіктерге шағым түсірген. Аймақ басшысының қабылдауында да болған. Алайда,



да, барлық мемлекеттік органдар құрылыс компаниясының барлық рұқсат құжаттары бар екенін айтады.

– Мұндағы құрылыс – Қарағандының бас мәселесі. Егер қалада осындай құрылыс жалғасатын болса, көп ұзамай біздің Қарағанды лашық қалашық кейпіне енеді. Басқа қалаларда сәулеттік келбеті мен біркелілігі аз да, болса қарастырылады. Білік жұртшылықтың пікірін тыңдау үшін оны заңнамалық тұрғыдан бекіту керек, – дейді қоғам белсендісі Мұрат Нұрғалымов.

Таразы

Баспана бақытының шамын жағу жолында әр адам түрліше әрекет етуде. Президенттен бастап, жергілікті атқарушы мекемелерге дейін қарап отырмағаны аңғарылады. Әлбетте, үлкен істің сын-қатері де аласа болмасы аян. Өзегінде «Өз үйім – өлең төсегім» ұялаған әрбір жанға мүмкіндік

бар екендігі белгілі болды. Бұл бағыттағы бағдарламалар да жетерлік. Айналып келгенде ақилы ақшасынан асып түскен дегдарлар қайткенде де, боранда боз үй тігеріне уақыт күзгер.

Соңғы бес жылда Қазақстанда жылжымайтын мүлік бағасы рекордтық қарқынмен өсті. Тұрғын жайға салынған инвестициялар – қазақстандықтар арасында жинақтарды сақтаудың ең танымал үш тәсілінің бірі. ҚР Ұлттық Банкінің қаңтар айындағы сауалнамасының деректеріне сәйкес, жылжымайтын мүлікті сатып алушы еліміздің жеке жинақтары бар әрбір оншыны тұрғыны таңдайды.

Сондай-ақ, екінші үйін отан тұрмақ шетелде алып қойған жандар да жоқ емес. Үйдегі көңіл күйді тыстағы нарық өзгертінін білеміз. «Үй – бұл біздің тарихымыз басталатын жер...» деген екен бір ақылман. Өз тарихыңызды қазірден бастаңыз!

Ақтаңгері еді Арқа ақпараттының...

Қыркүйектің бүгінгі жексенбісі қалалықтар үшін жайсыз хабармен басталды. Қарымды қаламгер, ақын, қоғам қайраткері Базарбай Әлеухан бақилыққа аттаныпты. Сәлеміміз түзу, іні-досым еді...

Азамат ек орғанына семірген,
Дос-жаранмен тауы биік көрінген.
Суық хабар тарап жатыр
сумандап,
Базарбай да баз кешті деп
өмірден...
Жанам деген жастарға айтып
ақылын,
Жүйріктерге қысушы еді
тақымын.
Ақын еді қалам алса қолына,
Ақтаңгері еді Арқа
ақпараттының.
Інілерге ардақтысы еді ағанын,
Төрге оздырған елге келген
қонағын.

Ойланбастан тигізуші еді
ондыкка,
Сатираның тартқан кезде садағын.
Сырбаздардың, жайсаңдардың
сырласы еді,
Қаламыздың кәдірлі бір тұлғасы еді.
Ширек ғасыр көрген
қызық-шыжығын,
«Дидарымен»* Базкең түйдей құр-
дас еді...
*Дидар – Жезқазған қалалық
телевидиесі.
**Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ,
ақын, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері
ЖЕЗҚАЗҒАН**



Ақылға сыймайтын, жүрек сенбейтін қаза...

Өлім тұрмақ, жамандыққа қимайтын жан еді Базкең!
Әріптес, қызметтес болдык.
Аға-қарындас ретінде сыйла-
стык. Үйренетін адами құнды
қасиеттері көп болатын...
Жалғандыққа жаны төзбей-
тін ақ-адал аға еді. Инженер-
лікпен бе, көпірме көп сөзден
аулақ, айтарын қадап айтып,
жазар ойын оймақтай етіп жаза
салағыны, өлеңінде де, өмірде
де қоңыр үнімен, қоңыр тіршілі-

гімен есімізде мәңгі қалды...
Мысты өңірде 40 жылға жуық
еңбек етті. Осы аралықта үлкен-
ге ізетті іні, кішіге арқа сүйер аға
бола білді...
Базарбай Әлеуханұлы туралы
өткен шақта айту өте ауыр... Оның
ағалық қамқорлығы, жанашыр-
лығы бөлек әңгіме...
Соңғы оншақты жылдың
мұңдарында жүрегіне, жанына
түскен салмақ аз болмады.
Осы аралықта не көрмеді: бір-
ге жүргендердің сатқындығын да,

аярлығын да көріп бақты... Өсек-
тің өртіне күйді... Жұмысынан
заңсыз шығып қалған кезі де
болды. Соттасты. Ақыры өзінің
күрескерлігімен, қайраткерлігімен
соттасып жеңіп, қызметіне қайта
кіріскен... Сөйтіп, жұмыр басты
пенденің көтере алмас «жүгін» де
артты. Салдары қант деген бөлек-
кетке әкеліп соқты. Ақыры жанын
жегідей жеген жара мен қант есіл
ердің жүрегін осылайша тоқтатып
тынды...
Жезқазған өңіріндегі PR жур-

налистиканың іргесін қалап,
тележурналистердің шоғырын
қалыптастырған тәлімгеріміз,
қайран күрескер аға, бақұл бол!
Артында қалған Бағдат жең-
геміздің, балалары Тілеген,
Шыңғыстың қайғыларына ор-
тақпын...
Ағамыздың алды пейіш, арты
көңіл болғай... басқа не дейін...
Ажалға қарсы не шара?!

**Мақпал ОРЫНБЕТОВА,
журналист**

Облыстық ішкі саясат басқармасы ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, белгілі ақын, сатирик
Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫНЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мүшелерінің қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, белгілі ақын, сатирик
Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫНЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мүшелерінің қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық SARYARQA телеарнасының ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, белгілі ақын, сатирик
Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫНЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мүшелерінің қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, белгілі ақын, сатирик
Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫНЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мүшелерінің қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жақсылық Серікбайұлы ТОЛПАҚОВ

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ұжымы университет ардагері, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Жақсылық Серікбайұлы Толпақовтың 74 жасында өмірден озғандығын қатты қайғырып хабарлайды.



Ж.Толпақов Қарағанды кооператив институтының, қазіргі Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің алғашқы түлегі болды, алдағы бүкіл өмірін өзінің туған жоғары оқу орнына арнады. Еңбек жолын есептеу техникасы зертханасының меңгерушісі лауазымынан бастап, кафедра ассистентінен профессорына дейінгі жолдан өтті.

1973 жылы Ж.Толпақов Львов сауда-экономикалық институтының аспирантурасын аяқтап, экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін ойдағыдай қорғады, содан кейін өзінің alma mater-іне оралып, өмірінің соңына дейін жұмыс жасады.

Жақсылық Серікбайұлы, өзінің басына түскен қиындыққа қарамастан, әрқашанда өзінің мұратына адалдығын танытып, парасат биігінен көрініп, жақсылық жасауды өзіне серік етті. Ол бухгалтерлік есептен қазіргі уақытта аса сұранысқа ие оқулықтар жазып, шығарды. Оның тікелей қатысуымен экономика мен бухгалтерлік есеп саласында мыңдаған жоғары білікті кадрлар даярланды. Ол жастарды тәрбиелеуге аса зор көңіл бөлді, әріптестері мен студенттер арасында жоғары құрмет пен беделге ие болды. Оның жүргізген кәсіптік бағдар беру жұмыстары нәтижесінде студенттер қатары жылдан-жылға елеулі көлемде толығып отырды, бұл айтылғандар түлектердің болашақ буыны үшін жауапкершілік танытудың жарқын мысалы бола алады.

Ж.Толпақовтың сіңірген еңбегі әлденеше рет жоғары деңгейлерде – Құрмет грамоталарымен, 2006 жылы ғылым саласындағы қолжеткен табыстары үшін «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2010 жылы – «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағымен аталып өтті.

Жақсылық Серікбайұлын ашықтық, парасаттылық, ажқарқандық, мәселенің түбіне дейін жетуге деген ұмтылыс, өз жұмысына деген шексіз берілгендік, тапсырылған іске деген аса жоғары жауапкершілік, жоғары интеллигенттік, отансүйгіштік, өмірге деген шексіз сүйіспеншілік ерекшелен тұратын.

Осы бір ғажайып адам және адал дос туралы естелік әрқашанда біздің жүрегімізде сақталады.

Жақсылық Серікбайұлының туған-туыстары мен жақындарына шын жүректен қайғырып көңіл айтып, қайғысына ортақтасамыз.

**Қазтұтынуодағы
Қарағанды университетінің ректораты,
ұжымы және студенттері**

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері
Жақсылық Серікбайұлы ТОЛПАҚОВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

• АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМДАРЫНДА

Ақтоғайдан мол тәжірибе арқалап...

Облыстық ардагерлер кеңесі Ақтоғай ауданында көшпелі семинар-кеңес өткізді. Қонақтарды аудан әкімі Руслан Кенжебеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов бастаған ардагерлер қозғалысының активі қалыптасқан дәстүрлеріне сай «Аққайындар саябағы» аллеясында қарсы алды.

мен әдет-ғұрыптарды талмай насихаттап жүр. Балқаш қалалық ардагерлер кеңесімен тығыз қарым-қатынас орнап, кеңес мүшелері тәжірибе алмасып тұрады. Мұндай қарым-қатынас көршілес

ковке, Кеңес Одағының қос Батыры Нұркен Әбдіров пен Қазыбек Нұржановқа ескерткіштер қойылған, 218 саяси қуғын-сүргін құрбанының, Ұлы Отан соғысына қатысқан 576 майдангердің, сондай-ақ аудан даңқын асырған 77 бейбіт еңбек саңлағының есімдері мемориалдық кешенде тасқа бедерлеп жазылған, ауған соғысы солдаттары құрметіне де тақта орнатылған.

Бұлардың өскелең ұрпаққа берер тәрбиелік маңызы зор деп білеміз.

С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының актрисасы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, аяулы ана, ұлағатты ұстаз

Қымбат Қазықызы ЖЫРЫМБАЕВАНЫҢ
мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты Қ.Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігі ұжымы марқұмның отбасына, туған-туысына, жақындарына, ұжымына қайғыра көңіл айтады. Қымбат Қазықызы қазақ театр өнеріне, руханиятына өз үлесін өлшеусіз қосып, бірнеше буын жастарды ізгілікке баулып өсірген жан. Оның жарқын бейнесі мен сахнада сомдаған рөлдері халық жүрегінде мәңгі қалады. Жатқан жері жәннат, иманы жолдас болсын!

№521

Мұнан соң қонақтар аудан орталығының көрікті жерлерін аралап, «Алаш алаңы», «Тарих тағалымы», «Батырлар саябағы» сияқты киелі орындардағы мемориалдық кешендерге гүл шоқтарын қойды, ауданның археологиялық-этнографиялық мұражайының жәдігерлерімен танысты, аудандық Ардагерлер үйінде болды.

Мәдениет үйінде семинар-кеңестің пленарлық мәжілісі өтті. Мәжілісті облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төреғожин кіріспе сөзбен ашты. Аудан әкімі Руслан Кенжебеков семинардың ашылуымен шын жүректен құттықтап, ардагерлерге үлгі болар өнегелі істері үшін шексіз алғысын білдірді.

Мәжілісте Ақтоғай аудандық кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов, Нұркен ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Мұқтарбек Шоқанов, Шашубай кенті бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы Күләш Әбеуова, Балқаш қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тайтолеу Жұманов, Нұра аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Зарлық Мақсұтов өздерінің атқарып отырған жұмыстары туралы хабарлама жасады.

Семинар жұмысын облыстық кеңестің төрағасы Оралды Төреғожин қорытындылады. Семинарға қатысушылар



іс-тәжірибелерімен алмасып, ардагерлер қозғалысын дамытуға қатысты тың идеялармен, жарқын істермен танысты. Ақтоғай ауданында қарт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау, тұрмыс жағдайын жақсарту саласында берік тәжірибе қалыптасқан. Мұнда «Ардагерге құрмет», «Ардагерім – ардағым», жекелеген кәсіпкерлердің «Игілікті іс-шара» акциялары өткізіліп, «Жан жылуы» еріктілер тобы, аудандық Жастар ресурстық орталығы мұқтаж ардагерлерге көмек көрсетеді. Аудан ардагерлері жастар арасында ұлттық салт-дәстүрлер

Нұра және Осакаров аудандық кеңестері арасында да қалыптасқан. Балқаштықтар «Сары Қазына», «Қазақмыс» кәсіпорындарымен тұрақты байланыста, алпауыт компаниялар көмегімен аксақалдар қасиетті Түркістан қаласына, Жошыхан кесенесіне сапар шекті. Қонақтар әсіресе, Ақтоғай ауданы басшылығы мен ардагерлер кеңесінің аудан тарихына, осы қасиетті топыраққа туған даңқты азаматтардың есімдерін мәңгі есте қалдыру шараларына тәнті болды. Аудан орталығындағы саябақтарда Алаштың ұш арысы Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ерме-

Семинар-кеңесте ардагерлер қозғалысының бір топ белсенділеріне республикалық ардагерлер кеңесі Орталық кеңесі мен облыстық кеңестің наградалары табыс етілді. Семинар материалдары арнайы кітапша ретінде шығарылып, қалалық, аудандық кеңестер мен бастауыш ұйымдарға таратылатын болады.

Бір сөзбен айтқанда, Ақтоғайдан ардагерлер кеңесінің мүшелері мол тәжірибе арқалап қайтты.

**Аман ЖАНҒОЖИН,
облыстық кеңестің
жауапты хатшысы**

ТОО «МЫҚТЫ ҚОРҒАУ»
**ВСЕ ВИДЫ ОХРАННЫХ УСЛУГ
ГОСУДАРСТВЕННЫХ И КОММЕРЧЕСКИХ
ПРЕДПРИЯТИЙ**
Ерубасева, 34, оф. 307, тел.: 8 (7212) 50-77-17,
сот.: 8-701-173-90-87,
8-700-394-98-00
Лицензия на все виды охранных услуг за № 16018832 от 09.12.2016 года. Лицензиар ГУ «ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ МВД РК»

«ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

- Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44;
- Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
- Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)-98-10-18;
- Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;
- Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
- Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
- Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)-4-18-90;
- Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
- Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
- Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
- Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
- Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06.

д

Серік АҚСҰҢҚАРУҰЛЫ

Қарқаралы – Қазақстан тәуелсіздігінің алтын бесігі!

Атақты Қарқаралы-Қоянды жәрменкесінің 175 жылдығы құрметіне арналған дөңгелек үстелде Қазақстан тәуелсіздігінің алтын бесігі – Қарқаралы екендігі алғаш рет жалғанға жария етілді! Бұған дейін бірде-бір хатшы, әкімдердің ойына келмеген бұл игілікті істі осы топырақтың түлегі, аудан басшысы Ерлан Құсайын абыроймен атқарып шықты!

1905 жылы Ақпашаға табысталған «Қарқаралы петициясын» ұйымдастырушылар осы жерде кір жуып, кіндігі кесілген Әліхан Бөкейхан, Ақпайдың Жақыбы, Әлімхан Ермеков, Мұхаммед-Мақсұт Хамидуллин – Бекметовтер еді.

Қазақстанның тәуелсіздігі идеясы ең әуелі ұлтымыздың эпосы мен қара өлеңі, жыраулар поэзиясында көкейкесті тақырып болып көтеріліп, Абай поэзиясында әбден кемеліне келген-ді. Осы идея ке-



қойдым, – дегенде жерге кіріп кете жаздап едім, – Сіздің творчествоңызда Қарқаралы алтын қазық боп тұруға тиіс!».

Сол Нұрлан осы Қоянды жәрменкесінің 175 жылдығына университет тарихшылары тайлы-тұяғымен жинап алып барып, «Қарқаралы – Қазақстан тәуелсіздігінің алтын бесігі!» – деген тарихи тұжырымды ғылыми айналымға енгізді!

ГУЛБАҒОРДЫҢ ӘНІ (Нұрлан Дулатбековке)

Азан да қазан ел сіңген жерге мен сіңбей, Қазаннан келіп, Қарқаралыны жерінбей; Теңсінбей не бір татардың қаратағын, Оқалы орыс офицерін де менсінбей! –

Жүр едім... күнде төбем бір көкке тиеті. Көрмеген едім күйкі мен көмеш, күйені. Мен туған шаңырақ қарадан шығып хан болған, Құнанбай түскен, Абай кеп түскен үй еді!

Қайран, шаңырақ,
Қалдым аңырап,
Көрісер күн бар ма,
Қозыдай маңырап –
Жамырап?! –

Аттын үстінде кеппеген бір сәт тақымы,
Болмысы бөлек, бітімі, сезім, ақылы, –
Алдымнан шықты Алаштың ұлы,
бір бекзат –
Ақпайдың Жақыбы!

«Беретін көктен бекзатым сен! – деп –
Айды алып!»,
Көзімді жұмып, құшағына құлап,
байланып;
Күндерім қайда көк үйде өткен шалықтап,
Штраустың вальсмен шыр-шыр айналып?!

Татьянаның әніне елтіп, биге-бір,
Тәттібетіммен күңіреніп, кейде,
күй-көңіл;
Абайдың жыры ар-ұяттыңды әділеп,
«Махаббат, қызық мол жылдар»
өткен үйде бұл!

Петербор анау – зенбіректің
зілді солқылы,
Татар мен қазақ несіне шошып,
толқыды?!
Заманның лаңы тез болып түсіп тектіге,
Жаманның бәрі құтырып кетті сол күні!

... Жақамен жүрген балдағы балдай
бітімді,
Сағынғандағы білмейді ел көңіл күйімді;
Атқора қылып алмаса болды құл-құтан,
Құнанбай түскен, Абай кеп түскен
үйімді?!

Қайран, шаңырақ,
Қалдым аңырап,
Көрісер күн бар ма,
Қозыдай аңырап, –
Жамырап?! –

*Гулбағор – Қарқаралыдағы татар көпесі Халиолла Бекметовтің үйі, Ақпайдың Жақыбының жұбайы.



йіннен Әліхан Бөкейханның Алашорда партиясының идеологиялық ұстанымына айналды! Қазақ ұлтының тәуелсіздігінің қордаланған ең көкейкесті мәселелері тұңғыш рет Қазақстанда «Қарқаралы петициясында» бір жүйеге түсіп, патшалық Ресейдің назарын аударып, зәре-құттың алды!

Алдымызда – Қарқаралының 200 жылдығы. Қазақстанның XIX ғасырда саяси-рухани, экономикалық орталығы болған Қарқаралының энциклопедиясы да жарыққа шыққан жоқ? Бұл мәселе тарихи ғылым-лімнен алыс көрінгеннің қолына түсіп кетпеуі керек. Мұнымен Е.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің кәсіби тарихшылары айналысуға тиіс?! «Қарқаралы – Қазақстан тәуелсіздігінің алтын бесігі» деген тезис осымен тарихи тұжырымға айналып, ғылыми айналымға түсуі керек!

Қарқаралы – менің Музамның да бесігі. Ақтоғайдан осында көшіп келген кезде «Қарқаралы петициясын» жасаған интеллигенцияның осындағы сарқытын көргендей, тебіренгенім әлі есімде. Марксизмнің тереңінде жүзген Елеусіз Едігін, карт журналистер Шаймаран Мезгілбаев, Әбікен Бақтыбаев, Мақсат Омарбековтердің принципшілдігі қиялыма қанат бітіріп еді.



Журналист Рамазан Сағымбеков Қарқаралының бұлағы мен құрағын аралатып, қазақтың ұлттық мәселелері алғашында осы жерлерде талқыланып, бір жүйеге түскен деп еді... Осы жерде Ләйлаға ғашық болып, «Шайтанкөл – аққулар мекені» жаздым! Қарқаралыдан – ғаламатқа ой жіберіп, Алашты таныдым!

Сол жылдары Қарқаралыға Жәнібек Көрменов келді. «Маған Құнанбайдың

шаға айналған еңселі ғимарат еді. Жәкеме ұнады! «Енді сенің үйіңе барайық?» – деді Жәкең. Біздің үйі осы үйдің артында тұр. «Е, о кезде мына жерде көгал болған, Құнанбай мен Абайдың аяғы тиген жер ғой? Тәңірі саған сол жерден қоныс берген екен де!» – деп, мээ-мәйрам болып кетті!

Алаштың айтулы бір азаматы Нұрлан Дулатбеков: «Мен сіздің кітаптарыңыздан осы көк үй туралы бір жол өлең таба алмай

МАРАФОН

Көңіл күй сыйлаған күн

Жеңіс саябағында №2 арнайы мектеп-интернатының ұйымдастыруымен Денсаулық күніне орай «Күзгі марафон-2023» дене шынықтыру-сауықтыру шарасы өтті. Ашық аспан астында өткен спорттық шара ерекше балаларға керемет көңіл күй мен қуаныш сыйлады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

№2 арнайы мектеп-интернаттың Денсаулық күніне арналған спорттық марафон жыл сайын өткізіліп келеді. Дәстүрлі шара ерекше балалардың саламатты өмір салтын сақтауға, денсаулығын нығайтуға, спортпен шұғылдануына және жаттығуына сеппігін тигізеді.

– Арнайы мектеп-интернатта 2 жылдан бері «Отбасы және мектеп: диалогтан

серіктестікке» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылып келеді. Осы жоба аясында түрлі игі істер өткізіледі. Әрбір мерекеле мектептің ата-аналары бір ұжым болып атсалысады. Бүгін білім алушыларға арналған спорттық марафон өтуде. «Денсаулық – зор байлық» деген ұранмен ашық аспан астында балалар түрлі сайыстарға қатысып жатыр. Мектебімізде 160 оқушы бар, оның 60-ы үйден оқиды. Бұл шара балаларға ерекше көңіл күй сыйлайды, – деді

№2 арнайы мектеп-интернатының директоры Эльмира Амандықова.

Күзгі марафонда тәрбиеленушілер педагогтермен және ата-аналарымен бірлесіп, спорттық эстафета, викторина, конкурстарға қатысты және флешмоб биледі, ән айтты. «Дене шынықтыру минуты» республикалық челленджінен де қалыс қалмады.

– Мен №2 арнайы мектеп-интернатта оқып жатқан Дамир Макишевтің анасымын. Денсаулық күніне орай спорттық марафон жыл сайын өтеді және жақсы ұйымдастырылады. Балаларымызға да ұнайды. Ерекше балаларды ерекшеленді, оқшаулаудың қажеті жоқ. Оларды ел қатарлы мектепте оқыту және түрлі шараларға қатыстыру керек. Ерекше балалар бәрін түсінеді, арасында таланттылар да

бар. Сондықтан оқшаулаудың да, қорқудың да қажеті жоқ, – деді ата-ана Анна Макишева.

Мектеп-интернаттың медицина қызметкерлері дәруменді фитотай ұйымдастырып, саламатты өмір салты, балалар гигиенасы, күн тәртібі тақырыбында әңгімелесу өткізді.

– Бүгін Денсаулық күніне орай баршамыз Жеңіс саябағына жиналды. Біз спорттық сайыстарға қатысамыз. Мектепте мұғалімдермен және оқушы құрбы-құрдастарымымен жақсы қарым-қатынастамын. Тіл үйренгенді, физика, химия пәндерін оқығанды жақсы көремін. Болашақта аудармашы болғым келеді. Ағылшын, жапон, қытай тілдерін жетік меңгерсем деймін, – дейді мектеп-интернат оқушысы Сандуғаш Игілік.

САМБО

Білегі мықты, жүрегі түкті

Орал қаласында самбо күресінен ардагерлер арасында өткен Әлем чемпионатында жерлесіміз, қарағандылық Боранбай Тергеубеков қарсыластарының барлығынан бәсі басым түсіп, Әлем чемпионы атанды.

Аталған байрақты бәсекеге Қазақстан, Франция, Болгария, Қырғызстан, Ресей, Грузия, Жапония, Армения, Германия елдерінен келген 600-ден аса ардагер палуандар қатысып, бақ сынасты. Дүбірлі спорт додасы тарихи мекен Орал қаласының туған күніне орай қаладағы Мұз спорт сарайында өтті.

Аса ауыр салмақтағы самбошылар арасында топ жарып, мерейді үстем еткен жерлесіміз дзюдо, самбо және қазақ күресінен спорт шебері екенін айта кеткен жөн. Ұлттық ат спортының дамуына да белсенді қолдау көрсетіп, ұзақ жылдар бойы асыл тұқымды жылқы өсірумен айналысып келе жатқан білегі мықты, жүрегі түкті арда азамат.

БОКС

Алтын тұғырдан көрінді

Босния мемлекетінің Сараево қаласында бокстан 2005-2006 жылы туған жастар арасында халықаралық турнир өтті. Онда әлемнің бірқатар елінен үздік былғары қолғап шеберлері жиналды.

Қазақстан ұлттық құрамасы сапында қатарластарымен қолғап түйістіріп, күш сынасқан Ислам Советов кіл мықтылар арасынан қарсылас шақ келтірмей суырылып шықты. Ол 71 келі салмақтағылар арасында алтын медальға қол жеткізіп, чемпион атанды.

«Әр спортшының бағы жанатын шағы болады. Ислам бұған дейін де бірнеше чемпионат пен турнирде оза шапқан. Болашағынан көп үміт күттіретін азамат. Оның осы бірбеткейлігі мен мінезділігі, еңбекқорлығын ескеріп, ауқымды доғаға ұсындық. Үмітімізді ақтады. Әлі талай биікті бағындырады» – дейді бапкерлері.



ЖАҒАЖАЙДАҒЫ САМБО

Батылдығын байқатты

Доминикано елінің Хуан-Дольо қаласында өткен жағажайдағы самбодан III Әлем чемпионаты өтті. Қазақстан Республикасы ұлттық құрамасы сапында өнер көрсеткен қарағандылық спортшылар ел намысын лайықты қорғайды.

Нақтырақ айтсақ, жерлес спортшыларымыз 3 күміс және 2 қола жеңіп алды.

Әйел-қыздар арасында 50 келі салмақ санатында Маргарита Бажаева, ерлер арасында 58 келі салмақта Әліби Токтарбай, 88 келі салмақта Сапар Болат күміс медальға ие болды.

Ал, 71 келі салмақта Самат Сағатбеков, 88 келі және одан да ауыр салмақ дәрежесінде белдескен Естай Ермұхан қола медаль иеленді.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Арағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJIBKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 564

№ 101 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ